



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Өзекті өртеген өрт

Кемероводағы оқиға ешкімді де бейтарап қалдыра алмаса керек

Наурыздың 25-і күні тұс аяу Ресейдің Кемерово қаласындағы «Зимняя вишня» атты сауда-ойын-сауық орталығында жан түршігерлік қайғылы оқиға орын алды. Орталықтың төрт қабатты ғимараты аяқ астынан отқа оранып, санаулы сағаттарда шаңырағы ортасына тұсті. Нәтижесінде 64 адам жалмандаған осы алапат оттың құшағында тірідей жанып кетті. Бұлардың 70 пайызға жуығы – 44-і балалар болған.



Аталмыш трагедияға байланысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сол күні Ресей Президентінің атына жеделхат жолдап, болған аса ауыр қайғылы оқиғаға орай көніл айтты.

Өрт балалар мультфильм көріп отырған төртінші қабаттағы кинотеатр түрған блоктан басталған. Ал залдың есігі сыртынан кілттеніп түрған. Сол мезетте билет тексеруші әйелдің аяқ астынан жоқ болып кеткені де анықталып отыр. Тұтін иісі келе бастағаннан үрейге бой алдырған балдырғандар есік жабық болғандықтан, сыртқа шыға алмай қалған. Сол бұлдіршіндердің жаппай жайлаған алас-қапас сәтінде ұялы телефон арқылы ата-аналарына смс-хаттар жазып, қоштасу нобайын білдірген сөздері адамның жүрегін шеменге толтырып, көкіректі шерлі етіп жібереді...

Қайғылы оқиға орын алған күннің ертеңіне таңертең Ресей президенті Владимир Путин елдің «көмір орталығына» ұшып келді. Жалғыз келген жоқ, Ресей тергеу комитетінің 100 қызметкерін өзімен бірге ерте келді. Мемлекет

басшысы келген бойда осы оқиғаға байланысты құрылған азаматтық белсенділер тобының мүшелерімен кездесіп, жағдайға біршама қанықты. Содан кейін сауда-ойын-сауық орталығы жанында стихиялы түрде пайда болған мемориалға гүл шоғын қойып, трагедияның себебі мен салдарын талқылауға арналған мәжіліс өткізді. Ол орталықта қаза тапқандарды үнсіз еске алушан бастады.



Аталмыш мәжілістің барысында Владимир Путин тиісті салалар басшыларының есептерін тыңдады. Ол адамдардың қаза табуына сауда орнындағы салдыр-салақтық пен бетімен кетушілік себеп болғанын мәлімдеді. «Бізде не болып жатыр, мұнда ұрыс қымылдары болған жок, шахтада күтпеген жерден метан бұрқ ете қалған жок. Жұрт, балалар мұнда тынығуға келген. Біз демография туралы айтып жатамыз да, осыншама адамнан аяқ астынан айрылып қаламыз» деді ел басшысы.

Өкінішке қарай, өртте қаза тапқандар санын әлдеқайда көп етіп көрсетіп, қайғылы оқиғадан ұпай жинағысы келетін қаскөйлер де табылып жатыр. Осындай фейк, яғни жалған атпен шығып жатқандардың бірі украин пранкері Евгений Вольнов екені анықталды. Ол өзінің YouTube желісіндегі арнасында әртүрлі дауыспен, біреке өрт сөндіруші, біреке аурухана қызметкері болып сөйлеп, орталықта «300 адамның ажал құшқаны» туралы ұдайы хабарлап отырған. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері ақырында фейктің иесін тапты. Ал Кемеровоның бес адамнан тұратын бастамашыл тобы мәйіт-ханада, сондай-ақ, аурухана мен салқыннатқыш комбинатта болып, әлеуметтік желілерді кезіп жүрген жоғарыдағыдай мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейтініне көз жеткізіп қайтты.



Владимир Путин «Зимняя вишня» сауда-ойын-сауық орталығында орын алған өрт оқиғасына кінәлі деп табылған мамандардың ешбірі лауазымы мен атағына қарамастан жазаға тартылатынына жүргтты сендерді. Ол 28 наурызды «бүкілресейлік аза күні» деп жариялады. Осы күні оқыс оқиғаның құрбаны болғандар жер қойнына берілді.

Кемероводағы бұл сұрапыл сүмдүк біздің еліміз үшін де сабак болуға тиіс. Республикада қазір 1151 осындағы ірі сауда-ойын-сауық орталығы бар еken. Енді олардың апatty жағдайға дайындығы қандай еkenін тексеріп шығатын кез жеткен сияқты. Мұны Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің төрағасы Владимир Беккер мәлімдеп, өрт қауіпсіздігін бұзған сауда орталықтарына салынатын айыппұлдың мөлшерін атап көрсетті. Ондағы баға көп болса, фильмнің бір сеансынан түсетін ақшамен шамалас қана еken...